

"Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін мамандардың лауазымдары тізбесін белгілеу туралы" Щучье ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № а-3/116 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда № 4045 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № а-12/775 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 04.12.2014 № а-12/775 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі Конституциялық Заңының 1 бабы 11 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін мамандардың лауазымдары тізбесін белгілеу туралы» Щучье ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-150 тіркелген, аудандық «Луч» газетінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі № 26, аудандық «Бурабай» газетінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі № 15 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

«Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін элеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы»;

2) қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Қосымшаға сәйкес азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық

жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.»;

3) қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

«Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі».

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.Нұркенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК